

## Дәріс №9.

### Тақырыбы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жыры

#### Жоспар:

1. «Қобыланды батыр» жырының жиналуы, зерттелуі, нұсқалары
2. «Қобыланды батыр» жырындағы бейнелер
3. Жырдың құрлысы, өлең түрі, тілі
4. «Алпамыс батыр» жырының жиналуы және зерттелуі
5. «Алпамыс батыр» жырындағы образдар
6. «Алпамыс батыр» жырының құрылысы, тілі

**Мақсаты:** «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларының жиналуы мен зерттелуіне тоқталу. Жырларды толық нұсқасын оқыту, образдар жүйесіне арнайы меңгерту. Жырдың құрлысы мен тіліне талдау жасау.

**Негізгі ұғымдар:** батырлар жыры, жыр, өлең түрі, тіл, нұсқа, образ, сюжет.

«Қобыланды батыр» - қазақ халқының мазмұны бай да салалы эпостық дастандарының бірі. Жыр көп замандар бойы өмір сүріп, ірі - ірі эпос айтушыларының қолынан өткен.

«Қобыланды батырды» Марабай, Мергенбай, Біржан Толымбаев, Айса Байтабынов, Нүрпейіс Байғанин, Мұрын Сеңгірбаев, Көшелек Еламанов, Шапай Қалмағамбетов, Құлзақ Амангелдиев, Сыр бойының белгілі айтушысы Тұяқбайлар жырлаған. Айтушыларының осыншама көп болуы бұл сюжеттің халыққа кең тарағанын көрсетеді. Жырдың ертегілік және тарихи – реалдық арқауы бар. Сюжеттің аңыздың ұйтқысы Оғыз – Қыпшақ ұлысы кезінде туа бастаған. Қазан аты оғыздардың сол дәуірде туған «Қорқыт ата кітабында» да кездеседі. Жырдың бергі жердегі мазмұны монғол, иран, жоңғар шабуылы, одан қалса, қазақтардың кейінгі кезеңдерде қалмақтармен болған күрестеріне негізделген.

Қобыланды жырының 29 нұсқасы болса, соның ортасында Марабай сюжеті тұрады. Онда Қобыландының қияттарға еріп, Қызылбас ханы Қазанды, одан соң Көбікті өлтіруі, Қарлығаны олжалану, ең аяғында өзі жорықта жүргенде елін шауып кеткен Алшағыр ханмен соғысып, ел – жұртын азат ету оқиғалары суреттеледі.

Мергенбай мен Біржан нұсқалары толықтау. Онда Тоқтарбайдың баласыздығы, Қобыланды мен Қарлығаның тууы, Қобыландының Көктін хан қызы Құртқаға үйленуі, Құртқаны жалғыз көзді дәудің тартып алмақ болғаны, оны Қобыландының өлтіруі, батырдың Қарлығаға үйленуі оқиғасы суреттеледі. Құлзақ пен Досжан нұсқасында Құртқаның тарихы бұдан да айқындала түседі. Қобыланды мал бағып жүріп бір қызға жолығады. Елі оны жылына бір келетін айдаһардың жолына қойған екен. Қобыланды қыздың

орнында қалып, қырық құлаш қылышын тосып, айдаһарды өлтіреді. Бірақ өзі де уланады. Оны қыз сүтке шомылдырып, емдейді.

Сол қыз Құртқа болып шығады. Қобыландының ерлігіне риза болған Көктім хан оған қызын береді. Кейбір шығыс сюжеттерінде Көктім атауы Гөклан (мыстан кемпір), ал қызы Құртқа сиқыршы болып кездеседі.

Одан әрі Құртқаның көк-ала биені көрімдікке сұрап алуы, содан Тайбурылдай тұлпардың туылуы баяндалады. Осы тұста Қызыл дәу қызға таласып, мерт болады. Қызыл дәудің өліміне Қызыл хан намыстанып, қит, ноғайлы елін шауып, жерін тартып алады. Қазан жорығы осылай туады.

Мергенбай, Біржан, Досжан жырларында Қобыландының Қазанға не себепті аттанғаны толығырақ айтылады. Қараман Қобыландыға келіп: «Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы қала, Сырлы қала деген екі қаласын тартып алды. Қырлы қалаға бектерін, Сырлы қалаға жендеттерін жатқызып жатып алды», - дейді. Осыны айтып Қобыландыға менімен бірге жүр деп қолқа салады.

Мұрын, Нүрпейіс, Айса жырлары бір - біріне ұқсас. Мұрын жырау жырында тоқсан баулы ноғайда Ақшахан деген хан той жасап, Қыдырбайды өлтірмек болады. Баласы Қыдырбайдың мал-мүлкін тартып алмақ. Қыдырбай бала тілеп, ел кезіп кетеді. Ақырында Қобыланды, Хансұлу деген екі перзент көреді. Айса тұсқасында Ақшахан Алшағыр деп аталады. Ол өзінің тойына ұлсыздарды кіргізбейді.

«Қобыланды батыр» жырының алғашқы нұсқасын Ы.Алтынсарин Марабай жыраудың аузынан жазып алып, «Тайбурылдың шабысы» деген саласын өзінің «Хрестоматиясында» пайдаланған. Жырдың басқа да үзінділері революцияға дейін «Дала уалаяты» (1899), «Туркестанские ведомости» (1899), «Тургайская газета» (1901), «Труды Оренбургской научной комиссии» (1910) сияқты басылымдарда сөз бола бастайды. 1914 жылы Қазанда Тұяқбай нұсқасы, 1922 жылы Ташкентте Ә.Диваев жинаған нұсқалар басылған.

Ә.Диваев нұсқасы көптеген жинақтар мен оқулықтарға еніп келді. Ұлы Отан соғысынан соңғы жылдары М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» тақырыбынан докторлық диссертация қорғап, монографиясын жарыққа шығарды. Жырдың 15 түрлі нұсқасын ашқан да М.Ғабдуллин еді. Бүгінде жырдың 29 түрлі нұсқасы белгілі болып, ғылыми оралымға еніп отыр.

«Қобыланды» эпосы туралы алғашқы рет мақала жазып, пікір айтушылар С.Сейфуллин, М.О.Әуезов, Қ.Ж.Жұмалиевтер болды. Бұл жазылған мақала, еңбектерде негізгі бір кемшілік - «Қобыланды» жырындағы оқиға қай жерде болып, ондағы күрестің кімге қарсы жүмсалғанын және дәуірін қате түсіну. Ол кездегі пікір айтушылар жырдағы оқиғаның дәуірін XVI ғасырда деп шамалады да, оның шығуын Иван Грозныйдың Қазанды жаулап алуымен байланыстырды. 1938 жылы бастап осы мәселенің дұрыстығына күдік туа бастады. Біздің кейбір әдебиетшілер, мысалы: Б.К.Кенжебаев бұл жыр Қазан оқиғасымен емес, Қызылбастың Ғазан ханының қыпшақ-қият елдеріне жасаған шабуылдарымен байланысты алып қарауымыз керек деген пікірді алғашқы рет ұсынды.

Бұл жылдары «Қобыланды» эпосының тағы да бірнеше варианты табылды. Бұлардың көпшілігінде Қобыланды батырдың соғысы Қызылбастың ханы Ғазан болғандығын анықтады. Сонымен қатар қазақ, грузин тарихтары баспадан шығып, Ғазан жөнінде әдебиетшілер үшін құнды-құнды тарихи деректер берді. Нәтижесінде әдебиетшілер «Қобыландының» оқиғасы Қызылбастың Ғазан ханының көрші елдеріне шабуылымен байланысты туды деген қорытындыға тірелді.

Дүниежүзілік эпостың көбінде батыр образы батырдың есейген езінен басталса, Қобыландының болашақта асқан батыр болатындығы оның ана құрсағында жатқан уағында –ақ білінеді. Мәселен, шешесінің жерік асы арыстанның жүрегі, айдаһардың өтін жейді, қара тасты шайнайды. «Айдаһардың басын алдырды, Аузына қатын салдырды, Жерігін сөйтіп қандырды» дейді. Қобыланды алты жасқа келгенде қару алып арауылға шығады. Сонда: «Таулар күйіп, тас жанған, Алты жасар баланың, Елбең деген зарпына». Бала кезінен ерекше өсуі оның болашақта еліне қамқор көрсетуге, халқынның жауларына қарсы күреске жарайтын батыр екенін аңғартады. Қобыландының алғаш рет шын мағынасындағы батыр атануы, даңқы шығуы оның Құртқаға үйленуіне байланысты. Жігіт болып ер жеткен Қобыланды өзіне лайық жар іздейді. Бірақ өз елінен табылмай, Көкілан деген кемпірдің еліне аттанады. Құртқаның қояр шартын орындаған жалғыз Қобыланды болады. Ол шартта: үлкен бәйтеректің басына қойылған жамбыны садақпен атып түсірген адамға ғана Құртқа тиеді делінген. Садақтың оғымен қара тасты қақ айыруы Қобыландыны өте мықты алып батыр етіп көрсетпек.

Қобыланды батырдың образы оның жау батырларымен жекпе – жек соғыстары арқылы ғана ашылмайды. Бұл оның батырлық образын жасаудың бір жолы ғана. Халық намысын қорғау үшін басқыншы жаудың сан мыңдаған әскерімен кездескенде одан үрейленіп зәресі ұшпайды, тайсалмайды, қорқу дегенді есіне де алмайды. Қайта ау әскерін көргенде, Қобыландының күш – қуаты арта түседі. Ердің жаудан қашуы, Ар – намысқа бұрысты, деп атой салып, жалғыз өзі жаудың самсаған қолын қырып тастайды. Қобыландының осыншалық ерлік жасауы, жасанған жауды жапыра қыруы – бұл бір адам арқылы берілген халық күшінің сипаты болмақ.

**Құртқа мен Қарлыға образы.** Халық жырында Қобыланды қандай ардақты болса, Құртқа да сондай. Егер халық жыры Қобыландыны ел қорғаған, халқына қамқор болған батыр деп көрсетсе, Құртқаны ақылды, білгір, дана адам деп жыр етеді. «Сұлтаныма сәлем де, Тілімді алса бармасын. Біздің баққан бурылда Қырық үш күндік кемдік бар, – деген сәлемін жеткізеді. Жан жарының бұл сәлемін естіген Қобыланды Қараманға жолдас бола алмасын айтқанда, «қатын» деген сөз естиді. Бұған намыстанған батыр Құртқаны шауып тастамаққа келеді. Сонда Құртқа «Сасып жүріп, жөн тауып, ақыл менен ой тауып...» Қобыландыны сабасына түсіреді. Төрде тұрған Бурылдың, Басын шешіп алады. Ол қысылған жерде жол табатын, ақылға салып іс қылатын жандайды шолып, болашақты болжайтын білгір адам бейнесінде жырға қосылады.

Құртқа қандай күйге ұшыраса да, Қобыландыны есінен шығармайтын адал жар бейнесінде суреттеледі. Ел – жұртын Алшағыр шауып алып байлауға түскен кезде де, Құртқа ақылмен іс істейді. Қобыландының келетініне сенеді де, бір кезде Тайбурыл байланған алтын қазықты және күлге көміп азық тастап кетеді. Құртқаның білгірлікпен істеген осы ісі Қобыландының ел – жұртын жау қолынан босатып алуына көп көмегі тиеді.

Егер жырда Құртқа ақылды, білгір, дана адам бейнесінде суреттелсе, Қарлыға көк сауытты киінген, көк сүңгіні ұстаған батыр тұлғасында алынады. Қарлығаның батырлық істері ел қорғау тілегіне байланысты еместігін, оны бұған бастап жүрген махаббат күші, қыз намысы екендігін көрсетеді. Оның бас бостандығы үшін күресуінен, сүйген жігітіне қосылу арманына жету мақсатында туған ерлік істері бейнеленіп, Қобыланды үшін жан қиярық істер жасады. Ел – жұртын тастап Қобыландыға ереді, өз әкесі Көбіктіні өлтіруге көмектеседі, туған інісі Быршымбайды өлтіреді. Мұның бәрін өз намысын қорғау үшін, сүйген адамына қосылу үшін жасайды. Қарлығаның күшті адам екендігі жырда мол көрініп отырады. Мәселен, Көбікті Қобыланды мен Қараманды ұстап әкеліп, оларды зынданға салуды Қарлығаға тапсырады. Сонда Қарлыға Қобыланды мен Қараманды екі қолтығына: «Боғжамаша қысып ап, Ақырын алып жөнелді, - деп оның алып күшті батыр екендігін суреттейді.

**Тайбурыл – жылқының тұлпары.** Тайбурылдың болашақта батырға жолдас болатын тұлпар екендігі кер биенің ішінде жатқан кезінде – ақ белгілі болады. Кейіннен Құртқа секілді дананың күтімінде өскен Тайбурыл Қобыландыға жауынгер жолдас болады. Тайбурылдың басқа тұлпарлардан артық бір қасиеті адам тілін білетіндігінде, айтқанды түсінетіндегінде. Қырық күншілік Қазанға бір күнде жеткізуді өтінген Қобыландыға Тайбурыл «жеткіземін» деп уәде етеді.

Қобыланды түсінде Алшағырдың келіп, елін шауып кеткенін біледі де, қатты қапаланады. Бұл жайды Тайбурыл да сезіп қайғыланады, ыза кернегендіктен аяғы да ақсайды. Қобыланды өз елінің жұртына келеді де, елін жау қай жаққа әеткенін таба алмай тұрады. Онда ол жолды Тайбурыл тауып береді. Осы секілді жағдайлар тұлпардың адамның ойын, тілін, сырын түсінетін ерекше қасиет бар деп көрсетеді.

Жазығы мал демесең,

Тайбурылдың ақылы

Адамзаттан артық – ты,- деп ардақтайды.

Тайбурылдың екінші қасиеті – жүйріктігінде. Оның жүйріктігі шапқан сайын үдей түседі, қызған сайын дами береді, Қобыланды «Әйт, жануар, шу» дегенде:

Аршындар бурыл гуледі, Тіктеп тиген тұяғы

Табаны жерге тимеді, Саз балшықтай иледі.

Тау мен тасты өрледі... Сенгір – сенгір таулардан

Көлденең жатқан көк тасты Секіріп бурыл жөнелді десе, түс кезінде Тайбурылдың жүрісі онан сайын үдеп кетеді.

Келешектегі зерттеушілер бұл мәселені әлі де анықтай түсер. Қазіргі ізденулердің нәтижесі «Қобыланды» эпосының туған дәуірін де, онда суреттелінетін тартыстарды да Ғазан оқиғасымен байланысты алып қарауды талап етеді. Біз де соны қолдаймыз.

Батырлар жыры - қазақ ауыз әдебиетінің өте ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Сондықтан да батырлар жыры өзінің қалыптасып, даму процесінде көптеген өзгерістерге ұшыраған. XIX ғасырда батырлар жыры жазылып ала бастады. Бұл кезеңде көптеген ғалымдар қазақ эпостарын зерттеп, қағаз бетіне түсіре бастаған. Мысалы, Ш.Уәлихановтың, В.Радловтың, Н.Ильминскийдің, Г.Потаниннің, А.Васильевтің, Ә.Диваевтың, т.б. ғалымдардың жинап бастырған еңбектерін ерекше атауға болады.

«Алпамыс батыр» жыры – қазақ халқының батырлар жырының ішіндегі ең көнесі. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойында жетілу, толығу арқасында жеткен. Жырда көсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді. Батырлардың туып-өскен, өмір кешкен елі – Жиделі-Байсын тайпасының нақты аты – қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың, соның ішінде Жирмунскийдің дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкіл қазақтық көлемге көтереді.

«Алпамыс батыр» жыры баспа жүзін алғаш рет 1899 жылы («Қисса-и-Алпамыш», Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп, орысша мазмұнда бастырған – атақты фольклоршы Ә.Диваев болды. Ол бұл жырдың бір нұсқасын Ж.Бермұхамедовтен, тағы бірер нұсқасын Е.Ақылбековтың қолжазбасынан алған.

Басқа да батырлар жыры сияқты «Алпамыс батыр» жыры да Кеңес үкіметі тұсында бірнеше рет басылған. Жырдың тарихи, көркемдік мәні мен әдебиеттегі орны туралы М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, Т.Сыдықов сынды зерттеушілер арнаулы еңбектер жазды. Бұл қатарда орыс ғалымы Жирмунскийдің «Түрік батырлық эпосы» туралы монографиясын атап өтуге болады. «Алпамыс батыр» жырының әлемге әйгілі болуына осы ғалымдардың жазған еңбектерінің пайдасы зор болды.

**Жырдың тақырыбы.** «Алпамыс батыр» жыры халықтың бірлігін, тұтастығын, ынтымағын армандаудан туған. Жырда тек бірлік, ынтымағы бар ел ғана жауға қарсы тұра алады деген үлкен түйін айтылады. Ал елдің, рудың сол бірлік, тұтастығын сақтап, жауына айбар, еліне қамқор болар – оның батыры «Алпамыс батыр» жырында Байсарынның ағайынға өкпелеп қоныс

аударуы, қалмақтың қол астына кетуі рудың бірлігін бұзады. Қалмақ билеушілері Қоңыраттарды келімсек деп кемітіп, зорлық – зомбылық жасайды. Қалмақ ханы Гүлбаршын сынды аруды күштеп өзіне жар етіп алуды ойлады. Сол хабарды есіткенде Алтыншаштың еріне: Көшпе пе зар жыладым мен елімде, Мұнда келіп қанша дүние арттырдың? – дегенде де бұл пәлеге душар болды түп – тамыры өз елінен қоныс аударуға деген өксік, өкініш, зар жатыр. Байсарының жаумен белдесер дәрмені, арқа сүйер елі, қарсы тұрар батыры жоқ. Сондықтан:

Байсарының кетті мәдеті,

Қолынан тайды дәулеті, - дейді жырда.

Байсары соңынан ерген Қоңырат руын қалмақ қыспағынан Алпамыс құтқарады. Жырдың иеясы – батырлықты, елін сүюді дәріптеу.

«Алпамыс батыр» жырының халық арасында айрықша қастерленуі оның нұсқасының көп болуына ықпал еткен. Мысалы, қазақ тілінде жырдың 10-11 нұсқасы бар. Қазан төңкерісіне дейін бұл жырды Қазақстанның барлық облыстарында айтып келген. Жырдың түрлі нұсқаларын айтқандар С.Аққожаев, Ә.Байтұрсынов, Е.Керімбетов, А.Нысанов, Ж.Жақыпов тәрізді ақын-жыршылар болып табылады. Әсіресе, Сұлтанбек Аққожаевтың жазып алған нұсқасы ең толық, әрі көркем түрі.

«Алпамыс батыр» жырының қалыптасу, даму тарихы жөнінде ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Әр ғалым өз тұрғысынан топшылайды. Мысалы, профессор В.М.Жирмунский мен Х.Т.Зарифов былай дейді: «Өзінің шығу тегіне қарағанда «Алпамыс» қоңыраттардың рулық эпосы. Қоңыраттардың ру есебінде тарихқа белгілі бола бастауы монғолдардың жаулап алуымен байланысты». Бұл пікірді профессор А.К.Боровков «Алпамыс» жырының туған кезі – XII-XIV ғғ. арасы болуы керек дейді. Ал академик Ә. Марғұлан «Алпамыс» қыпшақ заманында туған, содан қалған жыр екендігін айтады. Жырдың қазақша нұсқасын көбірек зерттеген ғалым Т.Сыдықов «Алпамысты» рулық, тайпалық кезден келе жатқан мұра ретінде атайды.

Сонымен, біз жоғарыда «Алпамыс батыр» жырының қалыптасу тарихы, даму кезеңі туралы ғалымдардың пікірлерін келтірдік. Ал осы ғалымдардың қайсысының пікірі шындыққа жанасымды екендігін біз дәл айта алмаймыз. Себебі әр ғалым өзінің ғылыми дәлелдерін келтіре отырып, өз пікірін тұжырымдаған. Десек те, біз бұл жырдың бас кейіпкерлері өмірде болған ба, болса олар қай ғасырларда өмір сүргендігіне байланысты жырдың шамамен қашан қалыптасқандығын анықтауымызға болады.

Тарих беттерінен үңілетін болсақ, Алпамыс деген батыр тарихта болған адам екендігін байқаймыз. Ол шамамен б.з.б. 110-50 жылдары өмір сүрген қолбасшы, батыр болған. Алпамыс батыр шүршіттермен соғыста ерекше ерлік көрсеткен қолбасшы. Тайчу (Тайшық хан) ғұн мемлекетін біржола жою мақсатында көшпелілер еліне бірнеше дүркін әскер аттандырады. Осы әскерге қарсы бағытталып, бірнеше аптаға созылған жойқын шайқаста Алпамыс шүршіт әскерлерін ойсырата жеңеді. Кейіннен тағы бір жойқын соғыстардың

бірінде Алпамыс батыр жау қолына түсуі жыр-дастанға айналып, біздің дәуірімізге жеткен.

«Алпамыс батыр» жырының мифтік және эпостық бейнесінің бірнеше жасы бар. Ең бірінші, тек есімдерге негізделетін жас анықтауда Алпамыстың заманы ең бері дегенде тас ғасырының соңы мен қола дәуірінің бастапқы уақыттарына кетер еді. «Алпамыс» есімі түркі халықтарында әр түрлі аталса да, олардың барлығының да бастапқы формасы біреу, ол - Манас. Бұл - мифологиялық адам жаратылу тарихындағы бірінші адамның есімі. Топан судан кейінгі адамзаттың атасы болған Манас туралы үндіарийлік миф сақталған. Алпамыстың сүйген жарының есімі – Гүлбаршын. Оның бұл есімінің кейінгі ғасырларда қалыптасқандығы көрініп тұр. Ал «Қорқыт ата» кітабында Банушешекті Гүлбаршын деп алсақ, оның бастапқы есімі Ману (Бану) болуы мүмкін. Сонымен, Манас (Алпамыс) пен Манудың (Гүлбаршын) есімдері бір көне түбірден өрбігені көрініп тұр, екеуінің есімі де мифтік алғашқы адамдардың еркектік және әйелдік нұсқалары болып табылады. Манас пен Ману - топан судан кейінгі алғашқы адамдар қосағы. Топан су туралы мифтің үнді арийлік нұсқасының б.з.б. 2-ші мыңжылдықта қазақ жерінде арийлік және ең алдымен жергілікті прототүркілік жұрт түсініктері негізінде қалыптасқанын ескерсек, есімізге бірден Шымкент маңындағы қасиетті Қазығұрт тауы еске түседі. Осы аймақ жұрттары арасында топан су туралы миф қалыптасқан, ал үндіарийліктер тек оны қазақ даласына келгесін игеріп, кейіннен Ману туралы өз түсініктеріне негізделген жаңа миф жасап алған.

Әмірхан Балқыбектің «Қазығұрт, топан су және жебірей «Інжілі» « деген мақаласында («Жас Алаш», 2000, 17 тамыз) да Қазығұрт пен үнді мифінің сабақтастығы туралы айтылған. Автор киелі таудың көне атауларына қатысты кейбір құнды тұжырымдар жасаған, солардың бірі - Қазығұрттың бір кездері «Манқұр» деп (Бируни жазбаларында, 10-11 ғғ.) аталғандығы. «Манқұр» сөзінің төркіні «Ман тауы» (кұр - шумер-прототүркі тіліндегі «тау» дегенді білдіреді). Ә.Балқыбек сонымен қатар Қазығұрт іргесіндегі Мансары тауы мен Мансары әулиенің бар екендігін де айтады. Міне, осындай «ман»-дар қатарында қазақ жеріндегі «топан суды көрген тау» Манқұр деп аталатын болса, оның Ману мен Манасқа тікелей қатысты екендігін аңғару қиын емес. Бұдан шығатын түйін: Манастың (Алпамыс) мифтік тұлғасының қалыптасқан нүктесі - Қазығұрт тауы, ал қалыптасу уақыты - ең бері дегенде б.з.б. 3 мыңжылдық болып шығады. Олай болса, Алпамысқа - 4000-5000 жыл деп айтуымызға болар еді, бірақ түркі халықтары «Манас» туралы, топан су туралы, алғашқы адамдар туралы мифті сақтай алмаған, сондықтан алдыңғы көрсетілген уақыт мөлшерін жырдың жасы ретінде көрсете алмаймыз.

Қазақ арасында таралған жалғыз қоңыраттық нұсқасының тарихи тағдыры өте күрделі, шырғалаң даму жолын өткізген. Қоңырат нұсқасы 5-6 ғғ. дейінгі замандарда-ақ арасы ажырап кеткен, арғы тегін Моңғолиядан емес, Орта Азияға қайтып оралғаннан кейінгі Алпамыс туралы жергілікті нұсқаны өз мифтік түсініктеріне сай қайта өңдеуінің нәтижесі болып табылады. Сонда

қоңыраттар біздің жерімізге 12 ғасырлар шамасында келген болса, бұл жырдың жасы бергі дәуір болып кетеді. Сондықтан да жырдың қалыптасу дәуірін V-VI ғасырлар арасы ретінде алып, қалыптасқан нүктесі - Отырар-Қазығұрт аймағы деп алсақ, жырға 1500 жыл толған болады. Жалпы алғанда, қазіргі кезде осы бір қазақ жырына 1500 жыл толып отыр деп айтуға болады.

**Алпамыс образы.** Халық өзінің арманын Алпамыс образы арқылы берген. Ол – образ халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күшінің көрінісі. Алпамыс тек өз басының қамын ғана ойламайды, елдің амандығын, бүтіндігін, оның намысын қорғайды. Жырда сол өзекті ой былай берілген: Ақ сұңқар ұшар жем үшін,

Туады ерлер ел үшін...

Тоқтай алмай барамын,

Ағайын – туған ел үшін. Алпамыс алыс сапарға тек өз намысы үшін емес, қалың Қоңырат елі үшін аттанады. Міне, батыр осы жолда жаумен жағаласады, талай қиын – қыстау кезеңдерді басынан кешіреді.

Халық осындай үлкен айқасқа белін бекем байлар батырының дүниеге келуін де ерекше етіп көрсетеді. Ол жасынан зор күш, өжет, қайрат иесі болып сипатталады. Тұлғасының өзі де батырға лайық: «бүркіт қабақты» сол сияқты оның «бір кірпігі алтыннан, бір кірпігі күмістен», - деп, елден ерек сұлу кейіпте бейнеленеді. Алпамыстың батырлығы жасынан – ақ көзге түседі, ойнап жүріп балаларға қолы тисе өліп қала береді. Ал түртіп қалғанда, өрмек құрған кемпірдің баласы тіл тартпай кетеді. Алпамыс – ата-ананың зарығып, тарығып, құлыннан зәбір көріп, қартайғанда көрген жалғыз баласы. Оны да әулие – әнбиеден сұрап алады. Осы сияқты болашақ батырдың дүниеге келуіне байланысты толып жатқан хикаялар кездеседі.

Алпамыстың батырлығының бірінші айқындалатын жері – Қараманмен кездесуі. Қараман – қалмақтың қамал бұзар батыры, өз елінде ханмен қатар түскен, талай жауды мұқатқан беделді батыр. Қараман аттың дүбірін естіп: «Тайшының әскері де, менің әскерім де қайтыңдар. Жақын жерге жау келіп қалды, қырық мың қол, не қырық мың қолға татитын біреу келе жатыр», - дейді.

Алпамыстың Қараманнан батырлығының артық, аруағының басым екенін талай жорыққа мініліп әккі болған аты да сезіп, ілгері жүрмей, жалтақтай береді. Қараман атының бұл сескенуі тегін емес. «Алпамыс, Қараманның бөліне қол салды, ырғап – ырғап көтеріп, иініне алды. Қаттырақ қысты. Қараманның аузы - мұрынынан қан кетті», - деп суреттейді.

Қараман да осал батыр емес. Талайды тақыршыққа отырғызып, талайды тақымына басқандардың бірі. Бірақ «күш атасын танымас» дегендей оның Алпамысқа шамасы келмей қалды. Жалғыз Қараман емес, Гүлбаршынның тойында, ханның қырық балуанының тоғызын бірдей Алпамыстың жығуын жай баяндаса, хан әскерімен Алпамыстың шайқауын:

Сансыз тұрған қалмаққа

Шұбырға қамшы салады

Қылышын суырып алады



Тура келген қалмақты  
Жолбарыстай ышқынып  
Қақ маңдайдан шабады,-деп жекелей суреттейді.

Ол – арлы батыр. Ары үшін өлімге дайын. Айбатпен айғайлап келе жатқан қалмақ батырын көріп, үрейі қашқан Гүлбаршын оған: «Тілімді алсаң қаш енді», - дегенде Алпамыс: «Ар қылмай ер қаша ма, қашпағым менің ар шығар», - деп қашуды намыс көреді. Сөйтіп жас батырға тән мінез көрсетеді. Батырлық күштен, ерліктен басқа өзіне тән қасиетінің бірі – аңғалдық. Аңғалдық Алпамыстың басында да бар. Батыр мыстан кемпірдің сөзіне еріп, Байшұбардың басн қылышпен кесіп тастай жаздайды. Сол сияқты өзінің айнымас досы Қараманды шауып тастамақ боп қылынын қынабынан суырып алуы батырдың тым сенгіштігін көрсетеді. Ол мыстан кемпірдің қырық балам сенің малыңа таласамын деп, қалмақтар қолынан қаза тапты деген сөзіне еніп, «бұл кемпір мұсылман екен, енді менің шешем болады, мұның үйіне барып, бір күн демалайын», - деп оның құрған торына алданып түсіп қалады. Бірақ жырда Алпамыс үнемі аңғалдыққа салынбайды, ол – алды - артын болжай білетін ақылды, керекті жерінде тәсіл – айласы да бар және оң қолынан өнер төгілген шебер. Бұған оның Кейкуат арқылы жасаған әрекеттері, еліне қайтар кездегі оған берген кеңесі дәлел. Оның сексен серкенің сүйегінен жасаған сыбызғысы, Кейкуатқа үйреткен күйі нөкерімен келген хан қызын есінен адастырады. Алпамыстың зынданнан шығуына негізгі себеп осы сыбызғыдағы әсем күй – Алпамыстың өнерпаздығы.

Алпамыс – батыр. Оның ерлігі, айлас, өнерімен қатар, ол – елін, ата-анасын, үй ішін шын сүйетін нәзік жүректі жан.

Жаңа келдім Байсынды  
Жерім деймін жар-жар  
Жаңа көрдім Қоңыратты

Елім деймін, жар – жар, - деген Алпамыстың сөзінде қанша жылылық жатқандығы, туған жеріне деген асқан сүйіспеншілігі анық байқалады.

Жырда Алпамыс – атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін, суға саса батпайтын батыр, ерен күш иесі болып суреттеледі. Сонымен қатар халық оның бойына биік адамгершілік қасиеттер, өнер дарытқан, айла – амал берген. Мұның бәрі халықтың осындай ерді армандау тілегінен туған. «Буырқанып бұрсанған, мұздай темр құрсанған», күші мен жан сұлулығы бірдей келген батыр – елдің ұлы арманы.

**Ұлтан.** Алпамыс ел намысы үшін жаумен шайқасып қан кешіп жүргенде, Ұлтан құл елді еңіретіп, бей – берекетін кетіреді.Өзін әкім, хан деп жариялайды. Жырда Ұлтанды құл деп атайды. Бірақ құл емес, оны халық жағымсыз ісіне қарап құл деп кеткен.Ол күннен туғанымен Алпамыстың әкесі Байбөрінің немере ағасы Құлтай кіндігінен жаалған. Ал асырап, бауырына салған әкесі «тоқсан мың қарасы», «сексен мың маясы», «тоғай сайын мың жылқы иесі» - Байбөрі бай. Олай болса Ұлтан құлақ кесті құл емес. Ол – құлқынның құлы, нәпсі құлы.

Ұлтан Байбөріден де, Құлтайдан да, Алпамыстан да еш қорлық көрген емес. Қайта бауырына салған Байбөрі оны туғандай тумаса да қылайын деп бүкіл елге той жасайды. Бірақ пейілі жаман Ұлтан Байбөрі мен Құлтайды «алжыған қақбас», -дейді. Жыра Алпамыс пен Ұлтанның мінез – құлықтары, келбет – кескіні қарама –қарсы қоя суретеледі. Оның сырт келбеті де адам үрейленетіндей жексұрын. Оның кескінін «кеңірдегі жәһіттің көріндей, күрек тісі кетпендей, аузы ошақтай, азу тісі пышақтай» етіп суреттейді. Ақын күңгірт бояулар арқылы оның жауыздық келбетін айқын бейнелеген. Оның атының Ұлтан қойылуы да тегін емес. Алпамыс ел қамын, ел бүтіндігін ойласа, ол өз төңірегін қарақтайды. Алпамыс күшін жауына жұмсаса, Ұлтан жақынына жұмсайды. Алпамыс биік арман иесі болса, Ұлтан аяқ асты дүниені ойлайды. Демек, Ұлтан құл деп атау арқылы ақын оның қара ниет жауыздығын, мейірімсіз қаталдығын, пасықтығын аша түскен.

Әкімдік тізгінін қолына алған Ұлтан Байбөрінің бүкіл малын иемденіп, оны түйенің артына, Құлтайды қойдың соңына салып қояды. Жеті жасар Жәдігерді «бөрінің баласы бөрілігін қылмай қоймас» деп мойнына күде, аяғына кісен құрсау, қолына шынжыр бұғау салып, қозы бақтырады. Аналыққа отын – суын тасытып күң етеді. Оның басқа жауыздығын былай қойғанда, ел дәстүрінде болмаған жосықты шығарып, жеті жасар Жәдігерді көкпарға беремін деуі – адамгершіліктен айырылған жауыздың ғана істейтін ісі. Ұлтан денесі қанша зор болғанмен, қоян жүрек қорқақ. Жекпе – жекке келіп, табан тіресіп, жаумен күресу қолынан келмейді. Жалт етіп қарап Ұлтан құл, Топтан шығып қашады. Алпамысты танып қалып үрейі ұшып кетеді.

**Гүлбаршын.** Халық жырларында батырға серік болар тамаша әйелдер образы жасалған. Бұл халықтың батырға лайықты көмекші, ақылшы жарды армандауынан туған. Алпамыс жырында ол Гүлбаршын бенесі арқылы берілген. Жырда оны айтулы сұлу етіп суреттейді. «Нәркес көз, алмадай қызыл жүз, он бесінде туған ай, гөзел баудың гүлі» деген көркем баламалардан оның көрікті келбеті көз алдыға келеді. Сол сұлулығы хан мен Қараманды аразастырып, қалмақ елін жауластырады. Гүлбаршынға таласып көп қан төгіледі. Баршынның арманы Алпамыс. Алпамысты Баршын өзіне тең жар деп біледі. Оның үстіне ол бүкіл Қоңыраттың намысын қорғаған ер, Баршын да өз елін сүйеді. Гүлбаршын «бақыты Қара Баршынмын» дегенде де өз басына, елінің басына түскен зәбір – қасіретке меңзейді. Өз халқымен жауласып келген қалмаққа тиюді намыс көріп, сүйекке таңба, қорлық деп түсінеді. Баршынның өз елін сүйіп, қалмақты жауым деп тану себебінің бір ұшығы – шешесі Алтыншашта жатыр. Ол күйеуінің ел –жұртын тастап, басқа елге көшуіне наразы болады. Жалғыз қызын діні, салты басқа жатқа қимайды, көшпелік деп зар жылайды. Көшіп бара жатқанда Алтыншаш Байсарыға: Тоқсан кірсе, бақтың гүлі солмай ма?

Арлы жігіт намыспенен өлмей ме?

Ағайынмен кім ұрыспас, таласпас,

Абырой барда, елге қайтсаң болмай ма?-деп алдын ала аңғартады. Гүлбаршын Алпамысты бір жағы батыр деп сүйсе, екінші жағынан қалмақ

емес, Қоңырат жігіті деп сүйеді. Оның батырға адал досы, жары, көмекшісі екені батырдың астындағы аты озып келген ертегі сөздерінен айқын аңғарылады: Ақша жүзің сарғайттың

Атым келмес деп қағырдың

Өзды ма атың бәйгеден

Сұңқар сынды сұлтаным, - деп қуанышын ыстық сезіммен білдіреді. Батырдың серігі – Шұбар аттың «өлер болған» күйін көріп, оны емдеп, баптап батырға серік етіп берген де Баршын болатын. Баршынның батырды шын сүйгені, өз сертіне беріктігі Алпамыстың хабарсыз кеткен кездегі ісінен де, мінезінен де байқалады. Алпамысты жеті жыл азалап, оның орнын жеті жыл сақтайды. «Сен өлсең егер, мен күйдім, Жазым тайса табаным», - деген сөздерден Баршынның батырдың жолына жанын құрбан етуге әзір екені, өлсе де одан басқаны сүймейтіндігі анық көрінеді.

**Мыстан.** Қазақты ертегі, жырларында мыстан кемпір көп кездеседі. Ол әрдайым ұнамсыз бейне ретінде көрсетіледі. Ұнамды қаһарманға мыстанның жасайтыны үнемі жауыздық.

Мыстан – жауыздықтың бейнесі. Халық жауыздықтың еркек өкілін жалғыз көзді дәу, әйелдердің арасындағы жауыздықтың, жексұрындықтың, зымияндықтың өкілін мыстан бейнесінде көрсетеді. Ал батырлар, адам оларды ақыл – айласымен жеңіп үстем боп отырды.

Мыстан – жырда жауыздықтың өкілі. Сондықтан халық қиялы оның дегенін болғызбайды. Ақыр аяғынд өз ниетіне өзі шырмлып, мыстан ит пен құсқа жем болады. Жырда мыстан кемпір бенесі оқиғаны байланыстырушы және Алпамыстың зынданға түсу себебін дәлелдейтін дәнекер ретінде берілген. Мыстан болмаса, Алпамыс қолға түспе, ханды шауып алып, еліне қайтар еді. Онда Ұлтан да елге озбырлық жасамай жырдың екінші бөлімі мүлде басқаша құрылар еді. Мыстанның Алпамысты қолға түсіруі, оның зынданда жеті жыл жатуы, Ұлтанның озбырлығы және Алпамыстың қалмақтармен кездесуі орайласып отырады. Сөйтіп, мыстан кемпір әрі жауыздықтың өкілі ретінде суреттелсе, әрі жырдың құрылысы үшін де керек болған бейне екендігі байқалады.

**Жырдың композициясы мен сюжеті.** Эпостық жырлардың ішіндегі желісі қиыннан қиыстырылып, сюжеті асқан шеберлікпен құрылған жырдың бірі – Алпамыс батыр. Басқа жырлармен салыстырғанда жырда адамның ішкі сезім дүниесін, психологиясын суреттеу басым.

Жырдың соңғы бөлімін оқығанда, баласынан айрылған ата – ана, немересінен айырылған шал, ағаны жоғалтып күндікке түскен қарындас, әкеден айырылып, жетімдік көрген жас бала бәрі көз алдында тұрады. Бұлдардың ауыр өмірін қаһарманның ішкі дүниесіндегі өзгеріс, күйініштерін суреттеу арқылы береді. Қарт Құлтайдың: ... Шөрей, жаным, шөрей!

Ідіріс еді көрпесі-ай,

Ол Жәдігер зарлайды,

Байбөріні еркесі-ай... деген сөзінен оның ішкі мұң – зары сезіледі. Мұнда қаһарманның сезім дүниесі монолог арқылы берілген. Мына монолог

поэтикалық сөйлем құрылысы жағынан – сұрай арнау мен зарлай арнаудың қосындысы. Әр тармақтың соңында қайталанатын «ай» деген күшейткіш шылау шалдың көкірек шерін тыңдаушы мен оқушыға дәл жекізіп тұр.

Жырдың жан толқытар бір оқиғасы – Ұлтанның Жәдігерді көкпарға тартуға бұйрық беретін жері. Жыр құрылысындағы шеберлік – Ұлтанға жұрттың өшпенділігін күшейте түсу үшін Жәдігерді осындай ауыр жағдайда көрсетуінде. Жырдың оқиғасының қайсысын алсақ та, бәрі дәлелді болып келеді. Алпамыстың үй ішінің азапқа кездесуіне батырдың қолға түсуі, қолға түсуіне мыстан кемпірдің айласы, батырдың мас болып қалуына аңғырттығы, өлмей қалуына бойына туа біткен қасиеті, жеті жылда аштан өлмеуіне кездейсоқ құлаған серке арқылы Кейкуатпен достасуы, құдықтан шығуына Қаракөзайымның бұғаниғашық болуы себеп боп дәлелденеді. Дәлел, себептің бұл секілді күштілігін де жырдың ерекшелігі және көркемдік қасиетінің бірі деп қараймыз. Сонымен қатар «Алпамыс батырда» қазақ халқының өмірінде кең өріс алған ауыз әдебиетінің ұсақ жанрларыны түрлері де (жоқтау, жар – жар, айтыс) жиі ұшырайды. Бұл жайттар жырдың өмірді кеңінен қамтығандығын көрсетеді.

**Тұжырым.** Батырлық жырлардың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүрі бар. Оны жыр құрылымынан да, оқиғалардың орналасу ретінен де, кейіпкердің бастан-аяқ атқарған ісіндегі бірыңғай тектестіктен де көреміз. Қазақ қаһармандық эпосының әрқайсысын жалпылама белгілеріне қарай жинақтар болсақ, ең алдымен, олардың сюжеттік құрылымындағы ұқсастықтарды инвариант (қайталанатын мотивтің жалпы тобы мен рет тәртібі) түрінде төмендегіше жіктеуге болады. Батырға тән балалық шақ және кейіпкердің үйленуі (батырларға лайық құдалық): 1) суреттеу, орта (тайпа, ата-ана, ел-жұрт) туралы сөз; 2) кейіпкердің ғажайып жаратылысы; 3) батырға тән балалық шақ; 4) алғашқы ерлік; 5) қалыңдық туралы хабар (қалыңдығын іздеу); 6) қалыңдықпен сынға түсу, белдесу (немесе күйеу жігіттер арасындағы бәсеке); 7) жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы. Батырларға тән ерліктер: 1) жаудың шабуылы туралы хабар; 2) жорыққа аттану; 3) батырлардың белдесуі (кейде жорық сәтсіз болып, батыр тұтқынға түседі); 4) жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі; 5) жеңіспен елге оралу. Жаудан (құлдан, бақталастан) елін (тайпаны, қалыңдықты, туған-туысты, елін) азат ету: 1) қалыңдық туралы немесе туған-туыстың тұтқынға түскені (қорлық көргені) жөнінде хабар (түс көру, белгі берілуі); 2) дұшпанның, бәсекелестің немесе құлдың кейіпкердің қалыңдығына үйленуді ниет етуі; 3) қалыңдықпен жасырын кездесу немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейпінде келу; 4) кейіпкердің күрес (жарыс) үстінде танылуы; 5) туған жерге оралу, бәсекелестерді, құлдарды жазалау; 6) той. Бұл жіктелуден байқалатын жағдай — бірқатар батырлық жырларда осы үш сюжеттің бәрі де бір-бірімен осы қиюласқан рет тәртібімен толық көрінетіндігі. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс» жырларында осы үш сюжет тұтас қамтылады.

## Бақылау сұрақтары

1. «Қобыланды батыр» жырын жинап, хатқа түсіру қай ғасырда қолға алынды?
2. «Қобыланды батыр» жырының бүгінгі күнге жеткен қанша нұсқасы бар? Жырдың нұсқаларының ұқсастығы мен айырмашылығы?
3. «Алпамыс батыр» жырындағы жағымсыз кейіпкер Ұлтанқұлдың бейнесі қалай көрініс тапқан?
4. «Алпамыс батыр» жырындағы әйел образдарының бейнеленуі?
5. «Алпамыс батыр» жырының шығу тарихы мен зерттелуі жөнінде не білесіз?
6. Қобыландының батырлығын, ерлік істері мен адамгершілік қасиеттерін ақын-жыршы қалай суреттейді?

### **Оқуға ұсынылған әдебиеттер**

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 288 б.
2. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алматы, Рауан. 1990. – 240 б.
3. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. I том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдешұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
4. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. II том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдешұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, Мектеп 1974.-380 б.